

**Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Жинақтаушы зейнетақы қорына еншілес ұйым құруға немесе сатып алуға, сондай-ақ заңды тұлғалардың жарғы капиталына қомақты түрде қатысуға рұқсат беру туралы Ережені бекіту туралы" 2006 жылғы 25 ақпандағы N 64 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау Агенттігі Басқармасының 2008 жылғы 28 қарашадағы N 194 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 30 желтоқсанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5449 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 ақпандағы № 93 қаулысымен

**Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.02.24 № 93 (қабылданған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы жүйесінің тұрақтылығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2008 жылғы 23 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **Қ А У Л Ы**  
**Е Т Е Д І :**

1. Агенттік Бас қармасының "Жинақтаушы зейнетақы қорына еншілес ұйым құруға немесе сатып алуға, сондай-ақ заңды тұлғалардың жарғы капиталына қомақты түрде қатысуға рұқсат беру туралы Ережені бекіту туралы" 2006 жылғы 25 ақпандағы N 64 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4145 тіркелген) Агенттік Бас қармасының "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінде құжаттарды ұсыну мәселелері бойынша кейбір нормативтік құқықтық кесімдерге толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" 2007 жылғы 30 наурыздағы N 76 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4670 тіркелген), Агенттік Бас қармасының "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Бас қармасының "Жинақтаушы зейнетақы қорына еншілес ұйым

құруға немесе сатып алуға, сондай-ақ заңды тұлғалардың жарғы капиталына қосатын түрде қатысуға рұқсат беру туралы Ережені бекіту туралы" 2006 жылғы 25 ақпандағы N 64 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" 2007 жылғы 30 сәуірдегі N 113 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4739 тіркелген, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде 2007 жылы шілдеде жарияланған, N 7, 267-құжат), Агенттік Басқармасының "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің кейбір нормативтік құқықтық актілеріне толықтырулар енгізу туралы" 2008 жылғы 25 қазтардағы N 5 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 5141 тіркелген) енгізілген толықтыруларымен және өзгерістермен бірге мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

атауы мынадай редакцияда жазылсын:

**"Жинақтаушы зейнетақы қорына еншілес ұйым құруға немесе сатып алуға, заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қосатын қатысуға рұқсат беру, сондай-ақ еншілес ұйымды құруға немесе сатып алуға, заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қосатын қатысуға берілген рұқсатты кері қайтарып алу туралы ережені бекіту туралы";**

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса берілген Жинақтаушы зейнетақы қорына еншілес ұйым құруға немесе сатып алуға, заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қосатын түрде қатысуға рұқсат беру, сондай-ақ еншілес ұйымды құруға немесе сатып алуға, заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қосатын қатысуға берілген рұқсатты кері қайтарып алу туралы ереже бекітілсін";

Жинақтаушы зейнетақы қорына еншілес ұйым құруға немесе сатып алуға, сондай-ақ заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қосатын түрде қатысуға рұқсат беру туралы Ережесінде:

атауы мынадай редакцияда жазылсын:

**"Жинақтаушы зейнетақы қорына еншілес ұйым құруға немесе сатып алуға, заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қосатын қатысуға рұқсат беру, сондай-ақ еншілес ұйымды құруға немесе сатып алуға, заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қосатын қатысуға берілген рұқсатты кері қайтарып алу туралы ереже";**

кіріспеде "рұқсат беру" деген сөздерден кейін ", еншілес ұйымды құруға немесе сатып алуға, заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қосатын түрде қатысуға берілген рұқсатты қайтарып алу" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақта "Қорға" деген сөз алынып тасталсын, "рұқсат беретін тізілімді"

деген сөздер "берілген және кері қайтарып алынған рұқсаттардың тізілімін"  
деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 10-2, 10-3-тармақтармен толықтырылсын:

"10-2. Қор уәкілетті органның еншілес ұйымды құруға немесе сатып алуға рұқсатын алмаған жағдайда, Заңның 41-1-бабының 8-тармағымен көзделген іс-шараларды жүзеге асырады.

Қор өзіне қатысты емес себептер бойынша еншілес ұйымға бақылау құқығын иеленген жағдайда, Қор осы факті анықталған сәттен бастап бір ай мерзімінде еншілес ұйымды сатып алуға уәкілетті органның рұқсатын алу үшін Заңның 41-1-бабының 4-тармағымен көзделген құжаттарды табыс етеді.

10-3. Қор заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қомақты қатысуға уәкілетті органның рұқсатын алмаған жағдайда, Заңның 41-1-бабының 9-тармағымен көзделген іс-шараларды жүзеге асырады.";

мынадай мазмұндағы 2-1-тараумен толықтырылсын:

**"2-1-тарау. Қордың еншілес ұйымды құруға немесе сатып алуға, сондай-ақ заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қомақты қатысуға берілген рұқсатты кері қайтарып алу тәртібі**

10-4. Уәкілетті орган Заңның 41-1-бабының 10-тармағымен көзделген жағдайларда еншілес ұйымды құруға немесе сатып алуға, сондай-ақ заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қомақты қатысуға берілген рұқсатты кері қайтарып алады.

10-5. Еншілес ұйымды құруға немесе сатып алуға, заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қомақты қатысуға берілген рұқсатты кері қайтарып алған жағдайда, Қор Заңның 41-1-бабының 10-тармағымен көзделген іс-шараларды жүзеге асырады және уәкілетті органға өзіне тиесілі акцияларды (қатысу үлесін) иелігінен шығарған күннен бастап, үш күндік мерзімде растайтын құжаттарды қоса бере отырып, хабарламаны табыс етеді . ";

1 - қ о с ы м ш а д а :

оң жақ жоғарғы бұрыш мынадай редакцияда жазылсын:

"Жинақтаушы зейнета қысқорына еншілес ұйым құруға немесе сатып алуға, заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қомақты қатысуға рұқсат беру, сондай-ақ еншілес ұйымды құруға немесе сатып алуға, заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қомақты қатысуға берілген рұқсатты кері қайтарып алу туралы ережеге 1-қосымша";

атауы "берілген" деген сөзден кейін "және кері қайтарып алынған" деген сөз

з д е р м е н                                      т о л ы                                      қ                                      т ы р ы л с ы н ;

"

Қордың еншілес ұйым құруына немесе сатып алуына жинақтаушы зейнетақы қорына берілген рұқсаттардың күні және нөмірі

"

деген бағаннан кейін кесте мынадай мазмұндағы бағанмен  
 т о л ы                                      қ                                      т ы р ы л с ы н :

"

Қордың еншілес ұйымды құруға немесе сатып алуға берілген рұқсатты кері қайтарып алу күні және нөмірі

"

;

2 - қ о с ы м ш а д а :

оң жақ жоғарғы бұрыш мынадай редакцияда жазылсын:

"Жинақтаушы зейнетақы қорына еншілес  
 ұйым құруға немесе сатып алуға, заңды  
 тұлғалардың жарғылы қ капиталына қомақты  
 қатысуға рұқсат беру, сондай-ақ еншілес  
 ұйымды құруға немесе сатып алуға, заңды  
 тұлғалардың жарғылы қ капиталына қомақты  
 қатысуға берілген рұқсатты кері қайтарып  
 алу туралы ережеге 2- қосымша";

"

Заңды тұлғаның жарғы капиталына қомақты түрде қатысуға рұқсат беру күні және нөмірі

"

деген бағаннан кейін кесте мынадай мазмұндағы бағанмен  
 т о л ы                                      қ                                      т ы р ы л с ы н :

"

Заңды тұлғалардың жарғылы қ капиталына  
 қомақты қатысуға берілген рұқсатты  
 қайтарып алу күні  
 және нөмірі

3-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жинақ таушы зейнетақы орына еншілес ұйым құруға немесе сатып алуға, заңды тұлғалардың жарғылы капиталына қомақты қатысуға рұқсат беру, сондай-ақ еншілес ұйымды құруға немесе сатып алуға, заңды тұлғалардың жарғылы капиталына қомақты қатысуға берілген рұқсатты кері қайтарып алу туралы ережеге 3-қосымша";

4-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жинақ таушы зейнетақы орына еншілес ұйым құруға немесе сатып алуға, заңды тұлғалардың жарғылы капиталына қомақты қатысуға рұқсат беру, сондай-ақ еншілес ұйымды құруға немесе сатып алуға, заңды тұлғалардың жарғылы капиталына қомақты қатысуға берілген рұқсатты кері қайтарып алу туралы ережеге 4-қосымша" .

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енеді .

3. Бағалы қағаздар нарығының субъектілерін және жинақтаушы зейнетақы қорларын қадағалау департаменті (М.Ж. Хаджиева):

1) Заң департаментімен (Н.В. Сәрсенова) бірлесіп, осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қолға алысын ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне жіберсін .

4. Агенттік Төрайымының қызметі (А.Ә. Кенже) Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында осы қаулыны жариялау шараларын қолға алысын .

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрайымының орынбасары А.Ө. Алдамбергенге жүктелсін.

*Төрайым*

*Е. Бахмутова*

